

## МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ – САПАЛЫ ӘРІ ҚОЛЖЕТІМДІ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК!

МІНДЕТТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ ҚАНДАЙ ЖЕҢІЛДІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕСІЗ?

### ● Қолжетімді емделу

- өз таңдауыңыз бойынша Медициналық сақтандыру қорымен келісімшарт жасасқан кез-келген мемлекеттік не жекеменшік емханада медициналық көмек алу
- дәрігер қабылдауынан бастап, жан-жақты тексерулер, қымбат ота жасау қызметтері
- бар шығынды Қор төлейді

### ● Сапалы медициналық көмек

- медициналық ұйымдарды қатаң іріктеу
- емханалар қызмет көрсету сапасын арттыруға мүдделі болмақ
- Қор күнделікті бақылау жүргізеді

### ● Тегін және қолжетімді дәрі-дәрмектер

- мемлекетпен белгіленген ауру түрлері бойынша тегін дәрі-дәрмектер алу құқығы
- дәрі-дәрмектер, олардың сапасы мен қауіпсіздігіне жауап беретін еліміздің барлық дәріханаларында қолжетімді
- Қор дәрі-дәрмек құны мен дәріханалар қызметін өтейді

### ● Сіздің құқығыңыз бен мүдденізді қорғайды

- емдеуден бас тартқан не тиісті қызмет көрсетілмеген жағдайда Қорға жүгіну
- Қор емделушінің құқығы мен мүддесін қорғау мақсатында сараптама тағайындап, нәтижесінде тиісті шара қолданады

### ● Денсаулығыңыз бен ағымдағы жай-күйіңіз жайлы толық ақпарат

- электрондық денсаулық сақтау порталының «жеке кабинеті» арқылы сақтандырылған тұлғаның мәртебесі, төленген жарналары туралы ақпаратқа қол жеткізу
- электрондық денсаулық паспорты, сондай-ақ «жеке кабинет» арқылы емханаларға баруыңыз, стационарларда емделуіңіз, тексерулер мен анализдеріңіз, дәрігер қорытындысы мен олардың ұсыныстары жөніндегі ақпаратқа қол жеткізу

САҚТАНДЫРУ ПАКЕТІ	ОҒАН НЕ ЖАТАДЫ?
 Алғашқы медициналық-санитарлық көмек	амбулаторлық және күндізгі стационар жағдайында профилактика, диагностика, ауруларды емдеу, жүктілік ағымын бақылау, медициналық амалдар және т.б. тегін қызметтер көрсетеді
 Жоспарлы медициналық көмек	стационарлық жағдайда, емделуші өміріне қауіп төндірмейтін аурулар кезінде көрсетіледі
 Дәрі-дәрмекпен қамту	амбулаторлық-емханалық және стационарлық көмек көрсету кезінде
 Медбикелік күтім	ауыр сырқатқа ұшыраған, өзіне-өзі қызмет көрсету мүмкіндігінен айырылған, ұдайы сырттан күтім мен қарауға мұқтаж жандарға көмек көрсету.
 Паллиативті көмек	емделуге жатпайтын, өміріне қауіп төнген және аурулары асқынған емделушілердің өмір сүру сапасын барынша жайлы ету
*барлығына ортақ (тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі)	

## ЕСТЕ САҚТАУ ҚАЖЕТ!

Мемлекет төмендегі тегін медициналық көмек түрлеріне кепіл береді:

- Жедел жәрдем және санитарлық авиация;
- Әлеуметтік маңызы бар аурулар кезінде (онкологиялық аурулар, туберкулез, қант диабеті) және шұғыл түрде көрсетілетін медициналық көмек;
- Профилактикалық егулер.

### ● МӘМС ЖАҒДАЙЫНДА ДӘРІ-ДӘРМЕКПЕН ҚАЛАЙ ҚАМТЫЛМАҚ?

Амбулаторлық-емхана деңгейінде дәрі-дәрмек бекітілген тізімге сәйкес, дәрігердің рецептісі бойынша тегін беріледі. Стационар жағдайында дәрі-дәрмекпен қамту бекітілген дәрілік формуляр негізінде жүзеге аспақ.

### ● МӘМС-ТІҢ ҮШ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТЫ ҚАНДАЙ?

#### Міндеттілік:

Қазақстан Республикасының әрбір тұрғыны міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне атсалысуы тиіс.

#### Әлеуметтік әділдік:

әрбір сақтандырылған қатысушының төленген жарна мөлшеріне қарамастан, қызметтің толық пакетін алу құқығы

#### Ниеттестік:

денсаулық сақтау саласының ауыр жүгі мемлекет, жұмыс беруші және әр адамның өз мойнында

### ● МӘМС-ке ҚАЛАЙ ҚАТЫСУҒА БОЛАДЫ?

- ай сайын Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарна төлеу
- мемлекет әлеуметтік жағынан қорғалмаған тұрғындарға (12 санат бойынша) төлесе + қызметкерлердің 3 санаты МӘМС жарнасынан босатылған:
  - әскери қызметкерлер,
  - арнайы мемлекеттік орган қызметкерлері,
  - құқыққорғау органдарының қызметкерлері.
- жұмыс берушілер жұмысшылары үшін жарна мен аударым жасайды
- өзін-өзі жұмыспен қамтушылар (сондай-ақ жеке кәсіпкерлер) өзі көрсеткен кірістен не ең төменгі жалақы мөлшерінен жарна төлейді

## • МЕМЛЕКЕТ КІМ ҮШІН ТӨЛЕЙДІ?



• Балалар



• «Алтын алқа», «Күміс алқамен» марапатталған көп балалы аналар



• Ұлы Отан соғысының ардагерлері



• Зейнеткерлер



• Мүгедектер



• Күндізгі бөлімде оқитын колледж, КТУ, институт, университет студенттері, сондай-ақ ЖОО-дан кейінгі білім алушылар



• Жұмыссыз ретінде тіркелген тұлғалар



• 3 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша демалыстағы тұлғалар



• Жұмыссыз жүкті әйелдер мен 3 жасқа дейінгі бала тәрбиелеуші аналар



• Уақытша ұстау, тергеу изоляторына қамалғандар және сот шешімі бойынша жазасын өтеуші тұлғалар

• Мемлекет Медициналық сақтандыру қорына 10,1 млн қазақстандық үшін жарна төлейді

FMS.KZ FMS.KZ FMS.KZ FMS.KZ FMS.KZ

## МІНДЕТТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ МЕРЗІМДЕРІН АУЫСТЫРУ ТУРАЛЫ НЕНІ БІЛУ КЕРЕК?

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес:

- Мемлекеттің Медициналық сақтандыру қорына жарна аудару мерзімі 2017 жылғы 1 шілдеден 2018 жылдың 1 қаңтарына ауыстырылды
- Жұмыс берушілердің, жеке кәсіпкерлердің, жеке нотариустардың, жеке сот орындаушыларының, адвокаттардың, кәсіби медиаторлардың, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алатын жеке тұлғалардың Қорға төлейтін аударымдары мен жарналары 2017 жылғы 1 шілдеден бастап түсуі тиіс
- Жалдамалы қызметкерлердің ӘМСҚ-қа жарна төлеу мерзімі бұрынғыдай қалады – 2019 жылғы 1 қаңтар
- МӘМС жүйесінде медициналық көмек алу құқығы және осы жүйе бойынша денсаулық сақтау ұйымын таңдау 2018 жылдың 1 қаңтарынан басталады

## ТОЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ТӨМЕНДЕГІ НОМЕРЛЕР АРҚЫЛЫ БІЛЕ АЛАСЫЗДАР:

МӘМС мәселелері бойынша халыққа кеңес беру жөніндегі облыстардағы Call-орталықтар:

Ақмола .....	8 8000 80 64 81
Алматы .....	8 8000 80 88 28
Батыс-Қазақстан .....	8 7112 24 00 06
Қарағанды .....	8 7212 95 55 59
Қостанай .....	8 7142 39 37 77
Қызылорда .....	8 7242 40 00 01
Маңғыстау .....	8 7292 30 30 60
Павлодар .....	8 7182 66 24 99
Солтүстік-Қазақстан .....	8 800 08 08 103
Оңтүстік-Қазақстан .....	8 7252 54 50 75
Алматы .....	8 7273 00 01 03
Жамбыл .....	8 7262 555 160
Қазақстан бойынша: .....	8 800 080 88 87 (тегін қоңырау)


Бірыңғай байланыс орталығы – 1431

[fmskz@gmail.com](mailto:fmskz@gmail.com) [www.facebook.com/fondosms/](http://www.facebook.com/fondosms/)

FMS.KZ FMS.KZ FMS.KZ FMS.KZ FMS.KZ

ХАЛЫҚҚА АРНАЛҒАН  
МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК  
МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУДЫ  
ӘР АДАМ БІЛУІ ТИІС!

БІЗ СІЗДІҢ  
ДЕНСАУЛЫҒЫҢЫЗДЫ  
ҚОРҒАЙМЫЗ!



2017

FMS.KZ FMS.KZ FMS.KZ FMS.KZ